



**Сундетова Айман Сапарғалиевна**  
**№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының директоры**

Мәңгілік ел болу жолында ұрпаққа тәрбие беру үшін басынан бастап өзекті мәселерді қолға алу қажет. Дүние есігін алғаш ашқан әр сәби отбасында ата-әжесінің, әке-анасының және бауырларының махаббаты мен жылулығына бөленіп өседі. Әр отбасында берілетін тәрбие түрліше болады. Өздерінің қалыптасқан отбасылық құндылықтары арқылы тәрбиеленеді. Ал білім мен тәрбие беретін балалар бақшасында жаңашылдық пен заманауилықты ұштастыра отырып, елін сүйетін, адамгершілігі қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеуге үлкен жауапкершілікпен қарайды.

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы ұжымы «балабақша тек бүлдіршіндердің келіп-кететін мекені емес, ата-аналар үшін баласын уақытша әкеліп тастайтын орын болмауы керек» деген көзқарасты болдырмауы үшін балабақшада үнемі жүргізілетін тәрбиелік мағынасы зор жұмыстарды жаңартып, баланы заман ағымына сәйкес тәрбиелейтін сұранысқа ие тәрбие-білім ошағы болуға жұмыстанып отырады.

Бақшаға қуана келуіне бүлдіршіндердің қызығушылығын қалыптастыру үшін үйде көрмеген дүниелерді ұйымдастырып отыру әрине әр педагог-тәрбиешінің біліктілігіне байланысты. Балабақша бүлдіршіндерге қызықты ойындар үйрететін, ертегілер айтатын, әндер үйренетін және достарымен қарым-қатынас жасай алатын шуақты мекен. Сондықтан, бақша жұмысының басым бағыты 2019 жылдан бастап, **STEAM технологиясы** және ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытында «**Мобильді кітапхана**» бойынша жұмыс жүргізіуде. 2023 жылдың 3 қарашасында Атырау қаласында «Болашаққа бағдар: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалары» тақырыбында республикалық форум ұйымдастырылған болатын. Форумда еліміздің әр түкпірінен келген әріптестеріміз бен Атырау өңірінің бақшалары іс-тәжірибелерін көрмелер, шебер-сыныптар арқылы бөлісті. Солардың қатарында біздің бақшамыздың педагогтері болғаны -біз үшін мақтаныш! Биылғы оқу жылында STEAM технологиясының 6 бағыты да толық қамтылды. Себебі, біздің 2023-2024 оқу жылында жылдық міндетіміздің өзі:

1. STEM білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың техникалық-шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру: STEM технологиясының 6 сатысын қамту;
2. Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру арқылы Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу болып табылады.



"Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойына жәрдем ететін нәрсе" Ғ.Мүсірепов атамыз айтқандай бақшада арнайы стадион және спорт залында дене тәрбиесі нұсқаушылары балалармен жүйелі жұмыс жасауда.



Мектеп жасына дейінгі балалардың бағдарламалық физикалық дамыту, коммуникативті дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларын, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс –әрекеттерін, әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды дамытуға жан-жақты көңіл бөлеміз. "Үйірменің үйретері көп!" ұранымен бақшамызда 2019 жылдан бері «Дзюдо», «Хореография», және «Шебер қолдар» сурет үйірмелері жұмыс жасайды.



STEAM технологиясының жұмысын бақылаған ата-аналар үлкен сұраныспен «Робототехника» үйірмесін ашуға қол жеткізді. Үйірме жұмыстары бойынша әр тоқсан ата-аналарға тәрбиеленушілердің шығармашылық кеші ұйымдастырылады. Ата-аналардың ризашылығы - «Бұлақ көрсе көзін ашатын» біздің ұстаздарға да шабыт сыйлайды



Балабақша –бақыт баспалдағы. Әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарына ертеңге деген нық сенім, патриоттық сезімді ұялатып, ұлт ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбиенің алтын қақпасы. Егеменді еліміздің мәңгілік ел болып жасауы, өз тұғырында биік көрінуі- болашақ ұрпағымыз қолында. Бүгінгі біздің еңбек соның нәтижесі болмақ!